



Қызыл кітапқа енгізілген Аққұйрықты субүркіт құтқарылды.

2026 жылдың 29-шы қаңтар күні сағат 11:52 шамасында Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Абайыл ауылының тұрғындары Есболов Азамат Нурланұлы және Түгелбек Илияс Еркінбекұлы жұмыс барысында, рельстерді тексеру кезінде 1 дана ірі денелі, белгісіз жыртқыш құсты, жаралы күйде тауып алып, қорық әкімшілігіне хабар берді.

Қорық қызметкерлері анықтау барысында құстың Қазақстан Республикасы Қызыл кітабына енгізілген Аққұйрықты субүркіт - Орлан-белохвост (*Haliaeetus albicilla*) екені анықталды. Құстың оң қанатында жарақаты болды. 2026 жылы 05 ақпан күні «Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы» РММ қызметкерлері құсты Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағына тапсырды.

Қызыл кітапқа енгізілген құсты тауып алған азаматтарға алғысымызды білдіреміз! Зообақта құстың жай-күйі жақсы болатынына сеніміміз мол. Зообақ қызметкерлеріне де алғысымыз шексіз!
Аң-құстарды қорғайық!

Спасен орлан-белохвост занесённый в Красную книгу.

29 января 2026 года примерно в 11:52 жители села Абайыл Тюлькубасского района Туркестанской области — Есболов Азамат Нурланулы и Тугелбек Илияс Еркинбекулы — во время проверки железнодорожных рельсов обнаружили крупную хищную птицу в раненном состоянии и сообщили об этом администрацию заповедника.

В ходе проверки сотрудники заповедника установили, что найденная птица является орланом-белохвостом (*Haliaeetus albicilla*), занесённой в Красную книгу Республики Казахстан. У птицы было повреждено правое крыло.

5 февраля 2026 года сотрудники Ақсу-Жабағлинского заповедника передали птицу в Шымкентский государственный зоологический парк.

Выражаем благодарность гражданам, обнаружившим редкую птицу! Мы уверены, что в зоопарке птице будет обеспечен надлежащий уход. Отдельная благодарность сотрудникам @shymkentzoo!

Берегите животных и птиц!